

Рудный қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 18 қарашадағы № 1425 "Рудный қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 22 тамыздағы № 1131 қаулысы. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 197 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 20.03.2023 № 197 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Рудный қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2021 жылғы 18 қарашадағы № 1425 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Рудный қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

15-тармақтың б) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"б) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну;"

2. "Рудный қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда көрсетілген Ережеге енгізілген өзгеріс туралы әділет органдарын хабардар етуді;

2) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін Рудный қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласының әкімі

Қ. Испергенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК